



БЕКІТЕМІН

«Мерей» б/б-ның меңгерушісі

Г.Аблаева

Ұйым дастырылған ашық іс-әрекет
«Геометриялық пішіндер»

Тәрбиеші Алибаева А

ҰІӨ: қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Пішіндермен таныстыру. Балалардың сөйлеу тілін, ойын дамыту.

Сөздік жұмыс: Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш.

Заттық дамытушы орта: Орман суреті, жұмсақ ойыншық қоян, пирамида, үлестірмелі материалдар.

Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Қайырлы таң балалар!

Қайырлы күн, балалар!

Орман суретін көрсетіледі.

Қарандаршы балалар. Орман қандай әдемі. Жап-жасыл. Осыған орман тұрғындары қуанышты.

Балалар мұқият қарайды.

Балалар, орманда қандай жануарлар өмір сүреді?

-Қасқыр, түлкі, аю, қоян т.б

Балалардың көңілін тұрған үйшікке аударады. Бұл үйшікте кім тұратынын жұмбақты шешу арқылы білеміз.

Жұмбақ

Қыста –ақ тон киеді

Жазда сұр тон киеді.

-Ол қоян

-Дұрыс айтасыңдар.

Сол кезде қоян кіріп келеді. Қоян балалармен сәлемдеседі.

-Балалар қоянмен сәлемдеседі.

-Балалар, мына шыршалар ұзақта өсіп тұр. Мен осы шыршалардың үйімнің алдында өсіп тұрғанын қалаймын.

-Балалар сендер маған көмектесесіңдер ме?

-Балалар келіседі.

-Тәрбиеші: Әрине көмектесеміз.

Сергіту сәті

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді

-Ал балалар мына пішіндерді атап шығып, орындарына орналастырайық.

-Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш

-Ал балалар осы пішіндердің қайсысынан шырша жасауға болады?

-Үшбұрыштан

-Дұрыс айтасындар.

Тәрбиеші балаларды топқа бөледі. Әр топтың алдына пішіндерді қояды.

-Балалар пішіндерден шыршаны құрастырады.

-Енді, балалар «Заттар қандай пішінге ұқсайды?» ойынын ойнайық.

-Балалар геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) заттарды атап, заттармен ұқсастығын табады.

Қорытынды:

Қоян балалармен қоштасады. Тәрбиеші балаларға қайталап сұрақтар қою арқылы

ұйымдастырылған іс-әрекетті аяқтайды.







